

iiyama

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

G-MASTER

LCD Monitor

G-MASTER G2740QSU

G-MASTER G2740HSU

G-MASTER G2440HSU

IIYAMA СК-мониторын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Осы мониторды орнатудың және қосудың алдында осы қысқа, бірақ міндетті нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызға кеңес береміз. Егер болашақта бір нәрсені нақтылау керек болған жағдайға, осы нұсқаулықты сенімді жерге сақтап қойыңыз.

ҚАЗАҚША

EAC



Аттестатталған желілік кәбіл осы монитормен бірге қолданылуы тиіс. Сізге орнатуға және/немесе жабдық бойынша талаптарға қатысты еліңіздегі барлық маңызды ескертпелерге сай әрекет ету керек. IEC 60227 сәйкес әдеттегі полихлорвинилді икемді баусымнан нашар емес аттестатталған желілік кәбіл (белгіленуі H05VV- F 3G 0.75мм² немесе H05VVH2-F2 3G 0.75мм²) қолданылуы тиіс. Балама ретінде, IEC 60245 сәйкес синтетикалық каучуктен жасалған икемді баусым қолданыла алады (белгіленуі H05RR-F 3G 0.75мм²)

Бұл монитор кеңсе жабдығы болып табылады.

Импорттаушы ақпараты: Марвел КТ

107061, Мәскеу, Преображенская ал., 8 үй, 27 қабат, LXXXVI үй-жайы

Өндірілген жылы: Өнімнің сериялық нөмірінің 6-шы санын ("X") қараңыз.

(Сериялық нөмірі: xxxxxHxxxxxx)

"X" бұл 0-9. 0-9 дегеніміз 2020-2029. (2020/1/1~)

Монитор түрі: СК-монитор

Үлгісі: PL2740QS, PL2740HS, PL2440HS

Өндірілген ел: ҚЫТАЙ

- Біз алдын ала хабарламай, техникалық сипаттамаларға өзгерістер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз.
- Пайдаланушы нұсқаулығында қолданылатын барлық сауда маркалары иелерінің меншігі болып табылады.
- ENERGY STAR® иіуама серіктес ретінде, осы өнім энергияны тиімді қолдану бойынша ENERGY STAR® барлық талаптарына сай келетініне кепілдік береді.
- Бұл өнім «әдепкі» теңшелімдерді қолданған кезде ENERGY STAR® стандартына сай келеді және дәл осы жағдайда көрсетілген энергияны үнемдеу режимі қамтамасыз етіледі. Әдепкі суреттің зауыттық теңшелімдерін өзгерту немесе басқа функцияларды қосу ENERGY STAR® рейтингін алуға қажетті мәндерді арттыруы мүмкін энергияны тұтынудың артуына әкеледі.
- HDMI және HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі HDMI Licensing Administrator, Inc. тіркелген сауда белгілері болып табылады.

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТАР	1
САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	1
СК-МОНИТОРЛАР ҮШІН АРНАЙЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР	3
САТЫП АЛУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	3
ТАЗАРТУ	3
МОНИТОРМЕН ЖҰМЫСТЫ БАСТАУҒА ДЕЙІН	4
СИПАТТАМАЛАРЫ	4
КЕРЕК-ЖАРАҚТАР	4
ОРНАТУ	5
ТҮПҚОЙМАНЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АЛЫП ТАСТАУ	6
БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒАҒЫШТАР	7
МОНИТОРДЫ ҚОСУ: G-MASTER G2740QSU	8
МОНИТОРДЫ ҚОСУ:	
G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2740HSU	9
КОМПЬЮТЕРДІ ОРНАТУ	10
ШОЛУ БҰРЫШЫН ТЕҢШЕУ	10
МОНИТОРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ	11
ТЕҢШЕУЛЕР МӘЗІРІНІҢ МАЗМҰНЫ	12
КҮТУ ФУНКЦИЯСЫ	22
ЖАРАМСЫЗДЫҚТАРДЫ ЖОЮ	23
КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	24
ҚОСЫМША	25
АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2740QSU	25
АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2740HSU	26
АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2440HSU	27
ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2740QSU	28
ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2740HSU	28
ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2440HSU	28
ҚОЛД. СИНХРОНДАУ РЕЖИМДЕРІ	29

ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТАР

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЕГЕР ОНЫҢ ҚАЛЫПСЫЗ ЕКЕНДІГІН СЕЗСЕҢІЗ, МОНИТОРДЫ СӨНДІРІҢІЗ

Егер қандай да бір қалыпсыз құбылыстарды, мысалы, түтіннің пайда болуын, ерекше дыбыстарды немесе иістерді байқасаңыз, мониторды желіден сөндіріңіз және дилеріңізге немесе ііуата сервис орталығына хабарласыңыз. Мониторды одан әрі қолдану ықтимал тұтанудың немесе электр тогымен зақымданудың себебінен қауіпті болуы мүмкін.

КОРПУСТЫ ЕШҚАШАН АЛМАҢЫЗ

Монитордың ішінде жоғары кернеу тізбектері орналасқан. Корпусты алып тастау тұтануға немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

МОНИТОРҒА ЕШҚАНДАЙ ЗАТТАРДЫ САЛМАҢЫЗ

Мониторға ешқандай қатты заттарды салмаңыз және оған сұйықтықтарды, мысалы, суды төкпеңіз. Егер мұндай жағдай бәрібір туындаса, мониторды желіден дереу сөндіріңіз және дилеріңізге немесе ііуата сервис орталығына хабарласыңыз. Ішіндегі қандай да бір затпен мониторды қолдану тұтануға, электр тогымен зақымдануға немесе монитордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

МОНИТОРДЫ ТЕГІС ТҰРАҚТЫ ЖАБЫНҒА ОРНАТЫҢЫЗ

Құлаған кезде монитор сізді жарақаттауы мүмкін.

МОНИТОРДЫ СУДЫҢ ЖАНЫНА ОРНАТПАҢЫЗ

Мониторды оған су төгілуі немесе су шашырауы мүмкін жерлерге орнатпаңыз, өйткені бұл тұтануға немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

МОНИТОРДЫ ТЕК ҚАНА ОРНАТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНЕ ЖАЛҒАҢЫЗ

Мониторды тек қана орнатылған энергия көздеріне жалғаңыз. Тиіссіз кернеуді қолдану қалыпты жұмысты бұзылуын тудыруы және тұтануға немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

КӘБІЛДЕРДІ ҚОРҒАУ

Желілік қуат көзін кәбілі және сигналдық кәбілді тартпаңыз және майыстырмаңыз. Кәбілдерге мониторды немесе қандай да бір басқа ауыт затты қоймаңыз. Зақымдалған кезде кәбілдер тұтануды немесе электр тогымен зақымдануды тудыруы мүмкін.

ЖАҒЫМСЫЗ АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Мониторды қатты найзағай кезінде пайдаланбау ұсынылады, өйткені энергиямен қамтудағы созылмалы үзілістер қалыпты жұмыстың бұзылуын тудыра алады. Мұндай жағдайларда кәбілдік айырға жанасу ұсынылмайды, өйткені бұл электр тогымен зақымдануға әкеле алады.

ЕСКЕРТУ

ОРНАТУ ОРНЫ

Мониторды температураның кенет серпілісі болуы мүмкін жерлерге, ылғалды, тозаңды, темекі иісі сіңген үй-жайларға орнатпаңыз, өйткені бұл тұтану, электр тогымен зақымдануда немесе монитордың зақымдануына әкелуі мүмкін. Күн сәулесінің тікелей әсерінен де аулақ болған жөн.

МОНИТОРДЫ ҚАУІПТІ ЖЕРЛЕРГЕ ОРНАТПАҢЫЗ

Тиісінше орналаспаған кезде монитор құлауы және зақым келтіруі мүмкін. Мониторға ауыр заттарды да қоймаңыз; барлық кәбілдер балалар оларды тартпауы және өздерін зақымдамауы үшін төселуі тиіс.

ЖАҚСЫ ЖЕЛДЕТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІҢІЗ

Желдеткіш тесіктер мониторды қызып кетуден қорғайды. Саңылауды жабу тұтануға әкелуі мүмкін. Ауа айналымын қамтамасыз ету үшін мониторды қабырғадан кемінде 10см (немесе 4 дюйм) қашықтықта орнатыңыз. Көлбеу бекітпесін алған кезде монитордың артқы жағындағы желдету тесіктері бұғатталуы мүмкін. Бұл монитордың қызып кетуіне, тұтануға немесе зақымдануға әкелуі мүмкін. Түпқойманы алған кезде желдетудің жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз. Мониторды бүйір жағында, артқы жағында, негіздемесін жоғары қаратып, кілемде немесе жұмсақ материалда пайдалану оны зақымдауы мүмкін.

МОНИТОРДЫ ЖЫЛЖЫТҚАН КЕЗДЕ КӘБІЛДЕРДІ СӨНДІРІҢІЗ

Мониторды жылжытсаңыз, желілік ажыратқышты сөндіріңіз, айырды желілік розеткадан суырыңыз және сигналдық кәбілдерді сөндіріңіз. Егер оларды сөндірмесеңіз, бұл тұтануға немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін. Мониторды екі адамның жылжытуы ұсынылады.

МОНИТОРДЫ ЖЕЛІДЕН АЖЫРАТЫҢЫЗ

Егер монитор ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, ықтимал жарамсыздықтарды болдырмау үшін оны желілік розеткадан сөндіру ұсынылады.

СӨНДІРГЕН КЕЗДЕ АЙЫРЫНАН ҰСТАҢЫЗ

Желілік кәбілді немесе сигналдық кәбілді сөндірген кезде айырынан немесе жалғағышынан тартыңыз. Ешқашан кәбілді тартпаңыз, бұл тұтануға немесе электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

ЖАЛҒАҒЫШТЫ ДЫМҚЫЛ ҚОЛМЕН ҰСТАМАҢЫЗ

Дымқыл қолмен айырды қосу немесе сөндіру (жалғағыш) электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

ЕГЕР СІЗ МОНИТОРДЫ КОМПЬЮТЕРГЕ ОРНАТСАҢЫЗ

Монитордың салмағына көтеру үшін, компьютер беріктігі жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз, керісінше жағдайда, компьютерді зақымдай аласыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!!ҚОЛЫҢЫЗДЫ НЕМЕСЕ САУСАҒЫҢЫЗДЫ ҚЫСТЫРЫП АЛМАҢЫЗ

- Монитордың көлбеу бұрышын немесе биіктігін өзгерткен кезде СК-экранда саусақ іздерін қалдырмаңыз.
- Егер монитордың биіктігін орнатқан кезде жеткілікті назар аударылмаса, қолдың немесе саусақтардың зақымдалуы мүмкін. (Тек қана биіктігі реттелетін үлгілер үшін.)

24/7 ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУ

Бұл өнім кез келген шарттарда 24/7 режимінде қолдануға арналмаған.

БАСҚА ҰСЫНЫМДАР

ЭРГОНОМИКАЛЫҚ

Көздің шаршауын болдырмау үшін, фоны тым ашық мониторда немесе қараңғы бөлмеде жұмыс істемеңіз. Ұзақ уақыт бойы монитормен жұмыс істеген кезде, жұмыс сағаты сайын он минуттық үзіліс жасау ұсынылады. Оңтайлы ыңғайлы визуалды шарттар үшін монитор көз деңгейінен төмен және көзден 40–60 см (16–24") қашықтықта орналасуы тиіс.

СК-МОНИТОРЛАР ҮШІН АРНАЙЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Төменде сипатталған құбылыстар СК-мониторлар үшін қалыпты және қандай да бір жарамсыздықты білдірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Сіз СК-мониторды бірінші рет қосқан кезде, компьютер түріне байланысты, сурет дисплейді көрсету аймағына сыймауы мүмкін. Мұндай жағдайда оны тиісті жайғасымға көшіріп, суреттің орналасуын ыңғайластыруға тура келеді.
- Сіз қолданатын жұмыс үстелінің қалыбына байланысты, сіз экранда әртекті жарықтықты көре аласыз.
- Фондық көмескі жарықтың физикалық болмысы себебінен, бастапқы қолданған кезде экран жылтылдауы мүмкін, қуатты сөндіріңіз және кейін оны қайтадан қосыңыз - жылтылдауы жойылуы тиіс.

САТЫП АЛУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сізге қызмет көрсету үшін мониторды қайтару керек болса, ал түпнұсқалы қаптамасын лақтырып жіберсеңіз, кеңес алу немесе қаптамасын ауыстыру үшін дилеріңізге немесе ііуата сервис орталығына хабарласуыңызды сұраймыз.

ТАЗАРТУ

НАЗАР АУДАРЫҒЫЗ

- Егер тазарту кезінде монитордың ішіне қандай да бір зат немесе сұйықтық, мысалы, су тиіп кетсе, дереу желілік кәбілді сөндіріңіз және дилеріңізге немесе ііуата сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік мақсатында мониторды сөндіріңіз және мониторды тазартудың алдында желілік кәбілді розеткадан суырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- СК-панельді зақымдап алмау үшін, экранды ауыр затпен тырнамаңыз және сүртпеңіз.
- Ешқашан төменде көрсетілген күшті еріткіштердің ешқайсысын қолданбаңыз. Олар корпусты және СК-экранды зақымдауы мүмкін. Сұйылтқыш Бензин Бүрку құралдары Қышқылды немесе сілтілі еріткіштер Абразивті құралдар Балауыз
- Корпустың резеңкеден немесе пластмассадан жасалған кез келген бұйымға ұзақ уақыт бойы жанасуы корпустың бояуын зақымдауы мүмкін.

КОРПУСЫ

Дақтарды сәл ғана жұмсақ жұғыш құралға дымқылданған шүберекпен сүртуге болады. Кейін корпус жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіледі.

СК-экран

Жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп тұру ұсынылады. Қағаз майлықтарды және т.б. қолданбаңыз, өйткені олар экранды зақымдауы мүмкін.

МОНИТОРМЕН ЖҰМЫСТЫ БАСТАУҒА ДЕЙІН

СИПАТТАМАЛАРЫ

- ◆ 2560 × 1440 ажыратымдылығын қолдайды: G-MASTER G2740QSU
- ◆ 1920 × 1080 ажыратымдылығын қолдайды: G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU
- ◆ Жоғары кереғарлығы 1000:1 (типтік), Adv функциясы. Contrast / Жоғары ашықтық 250 қд/м² (типтік)
- ◆ AMD FreeSync™ технологиясын қолдайды
- ◆ Flicker Free
- ◆ Қозғалатын суреттің жауап уақыты 1 мс
- ◆ Көк Жарық Редукциясы
- ◆ Қаріптерді цифрлық тегістеу
- ◆ 2 × 2 Вт стереодинамиктері
- ◆ Күту функциясы (ENERGY STAR® және VESA DPMS сәйкестілігі)
- ◆ VESA бекітіш стандартымен үйлесімділік (100mm×100mm)
- ◆ Қауіпсіздік құлпын орнатуға арналған саңылау

КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

Жеткізу жиынтығы келесі керек-жарақтарды қамтуы тиіс. Олардың болуына көз жеткізіңіз. Егер осы керек-жарақтардың біреуі болмаса немесе зақымдалса, онда дилерге немесе іюата өңірлік өкілдігіне жүгініңіз.

- | | | |
|-------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------|
| ■ Қуат көзінің кәбілі* ¹ | ■ DisplayPort кәбілі * ² | ■ HDMI кәбілі |
| ■ USB кәбілі | ■ Тіреуіштің мойны | ■ Бұрамасы бар тіреуіштің негізі |
| ■ Кәбілдерді ұстағыш | ■ Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық | ■ Қысқаша нұсқаулық |

ЕСКЕРТУ

*¹ 120 В желілік кернеуі бар өңірлер үшін қоса берілетін желілік кәбілдің сипаттамалары: 10А /125 В. Егер электр желіңіздің кернеуі көрсетілген мәннен асып кетсе, онда 10 А /250 В желілік кәбілі қолданылуы тиіс.

H05VVF, 3G, 0.75мм² сай келетін қуат көзін кәбілі қолдану қажет.

*² Тек қана G-MASTER G2740QSU арналған керек-жарақ.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Мониторды орнатуға дейін қабырғаның, төбенің немесе үстелдік тіреуіштің осы бекітпені және салмақты бекіту үшін беріктігі жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз.

< ҚАБЫРҒАҒА МОНТАЖДАУ >


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қабырғаға монтаждау жағдайында, монтаждау ұстағышының қалыңдығын ескеру керек және монитордың ішіндегі ұзындығы ("L") 7 мм артық болмайтындай етіп, тығырықпен бірге М4 бұрамаларын (4 дана) бұрап тастау керек. Ұзынырақ бұраманы қолдану электрлік есеңгіреуге немесе бұраманың монитор корпусы ішіндегі электрлік құрауыштарға соқтығысуы салдарынан монитордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.



< ЭКРАНЫҢ БАҒДАРЫ >

Монитор Пейзаждық режимде пайдалануға арналған.




ТҮПҚОЙМАНЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АЛЫП ТАСТАУ

ЕСКЕРТУ

- Мониторды тегіс жабынға орнатыңыз. Монитордың құлауы оның зақымдалуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Өрескел күш қолданбаңыз. Бұл монитордың зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Түпқойманы алудың немесе орнатудың алдында электр тогымен зақымдануды және монитордың зақымдануын болдырмау үшін мониторды сөндіріңіз.



<Орнату>

- ① Түпқойманы және бекітпенің негізін біріктіріңіз.
- ② Тіреуіштің негіздемесін мониторға бекіту үшін жеткізу жиынтығындағы бұраманы қолданыңыз.
- ③ Кәбілдер ұстағышын өз орнына қойыңыз.*
- ④ Үстелге мониторды тырнап алмау үшін жұмсақ матаны төсеңіз.
Мониторды үстелге беткі жағын төмен қаратып қойыңыз.
- ⑤ Мониторды ұстап тұрып, тіреуіштің мойнын басыңыз.




ЕСКЕРТПЕ

* Кәбіл ұстағышы орнатқаннан кейін жойыла алмайды.




<Шешу >


- ① Мониторды тырнап алмау үшін үстелге жұмсақ мата төсеңіз. Мониторды үстелге беткі жағын төмен қаратып қойыңыз.
- ② Тіреуіштің мойнынан негіздеме-тіреуішті алып тастау үшін саусақты бұраманы босатыңыз.
- ③ Монитордың артқы панеліндегі ілмекті басыңыз және монитордан тіреуіштің мойнын алып тастаңыз.



БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒАҒЫШТАР



<Алдыңғы көрінісі>



<Артқы түрі>

- ① Қуат көзінің индикаторы

ЕСКЕРТПЕ

Көгілдір: Жұмыстың қалыпты режимі
Қызғылт сары: Күту режимі

- ② Қуат көзін ажыратқыш (⏻)
③ Навигация батырмасы [MENU]
- Жоғары/i-Style Color [▲]
- Төмен/Таңдау Кіріс [▼]
- Сол жақ/ECO [◀]
- Оң жақ/Дыбыс деңгейі [▶]
④ Құлаққаптарға арналған жалғағыш (🎧)
⑤ Қауіпсіздік құлпының ұяшығы

ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік құлпының ұяшығына ешкім сіздің рұқсатсыз мониторды алып кетпеуі үшін кішкентай қорғаныс арқанды салуға болады.

- ⑥ USB-DOWN жалғағышы (🔌)
⑦ USB-UP жалғағышы (🔌 5V, 500mA)
⑧ **G-MASTER G2740QSU**: DisplayPort (DP) жалғағышы
G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU: HDMI жалғағышы (HDMI)
⑨ **G-MASTER G2740QSU** : HDMI жалғағышы (HDMI)
G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU: DisplayPort (DP) жалғағышы
⑩ Кәбілдер ұстағышы
⑪ Айн. ток қуаттау көзінің жалғағышы (~ : Айнымалы ток) (~)
⑫ Динамиктер


МОНИТОРДЫ ҚОСУ: G-MASTER G2740QSU

- 1 Компьютер де, монитор да сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 Компьютерді мониторға сигналдың кәбілмен қосыңыз.
- 3 USB кәбілі арқылы мониторды компьютерге жалғаңыз.
- 4 Қуат көзін беру баусымы алдымен мониторға, кейін қуат көзіне жалғаңыз.
- 5 Монитор мен компьютерді қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Өтінеміз, ғимараттағы таратқыш жүйе 120/240 В, 20 А (ең көбі) автоматты ажыратқышының болуын қамтамасыз ететінін растаңыз.
- Компьютерді мониторға қосу үшін қолданылатын сигналдық кәбілдер типтері компьютерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дұрыс емес қосу монитордың да, компьютердің де күрделі зақымдануын тудыра алады. Мониторға қоса берілетін кәбілдің стандартты жалғағышы бар. Егер ерекше типті кәбіл керек болса, онда сатушыға немесе иіуата өңірлік өкіліне жүгініңіз.
- Міндетті түрде сигналдың кәбілдің әрбір ұшындағы бұрамаларды тартыңыз.
- А класындағы, А типті қосылатын жабдығы қорғаныс жерге тұйықтауға қосылуы тиіс.
- Розетка жабдықтың жанында орнатылуы және оңай қолжетімді болуы тиіс.
- Құлаққаптардан шамадан артық дыбыс қысымы зақымдануға немесе есту қабілетінен айырылуға әкелуі мүмкін.

[Қосылу мысалы]



[Кәбілдерді ұстағыш]

Оларды тарату үшін кәбілдерге арналған саңылау арқылы кәбілдерді төсеңіз.




МОНИТОРДЫ ҚОСУ: G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2740HSU

- ① Компьютер де, монитор да сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.
- ② Компьютерді мониторға сигналдың кәбілмен қосыңыз.
- ③ USB кәбілі арқылы мониторды компьютерге жалғаңыз.
- ④ Қуат көзін бе ру баусымы алдымен мониторға, кейін қуат көзіне жалғаңыз.
- ⑤ Монитор мен компьютерді қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Өтінеміз, ғимараттағы таратқыш жүйе 120/240 В, 20 А (ең көбі) автоматты ажыратқышының болуын қамтамасыз ететінін растаңыз.
- Компьютерді мониторға қосу үшін қолданылатын сигналдық кәбілдер типтері компьютерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дұрыс емес қосу монитордың да, компьютердің де күрделі зақымдануын тудыра алады. Мониторға қоса берілетін кәбілдің стандартты жалғағышы бар. Егер ерекше типті кәбіл керек болса, онда сатушыға немесе иуата өңірлік өкіліне жүгініңіз.
- Міндетті түрде сигналдың кәбілдің әрбір ұшындағы бұрамаларды тартыңыз.
- А класындағы, А типті қосылатын жабдығы қорғаныс жерге тұйықтауға қосылуы тиіс.
- Розетка жабдықтың жанында орнатылуы және оңай қолжетімді болуы тиіс.
- Құлақпақтардан шамадан артық дыбыс қысымы зақымдануға немесе есту қабілетінен айырылуға әкелуі мүмкін.

[Қосылу мысалы]



[Кәбілдерді ұстағыш]

Оларды тарату үшін кәбілдерге арналған саңылау арқылы кәбілдерді төсеңіз.




КОМПЬЮТЕРДІ ОРНАТУ

- Сигналды синхрондау
ҚОЛДАУЛЫ СИНХРОНДАУ РЕЖИМДЕРІ бөлімінің 29-бетінде сигналды синхрондау мәндерінің тізімін табасыз.

ШОЛУ БҰРЫШЫН ТЕҢШЕУ

- Суретті оңтайлы қабылдау үшін монитордың бүкіл экранына қарау ұсынылады.
- Көлбеу бұрышын өзгерткен кезде монитор құламауы үшін, тіреуішті ұстап тұрыңыз.
- Сіз монитордың көлбеу бұрышы 22° дейін артқа және 4° дейін алға өзгерте аласыз.
- Жұмыс станциясына арналған ақпаратты көрсету құрылғысы ретінде монитормен жұмыс істеген кезде дененің барынша ыңғайлы жайғасымын қамтамасыз ету үшін, көлбеу бұрышы 10° асып кетпеуі тиіс. Жеке артықшылықтарыңызға сәйкес монитордың көлбеу бұрышын түзетіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Көлбеу бұрышын өзгерткен кезде СК-экранды ұстамаңыз. Бұл оны зақымдауы мүмкін.
- Монитордың бұрышы өзгерген кезде саусақтарыңызды немесе қолдарыңызды түпқойманың жылжымалы бөлігіне қыспаңыз

МОНИТОРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ


Ілуата компаниясының СК-мониторының ең үздік кескінін алуға арналған параметрлердің мәндері зауытта орнатылған; олар ҚОЛДАУЛЫ СИНХРОНДАУ РЕЖИМДЕРІ бөлімінің 29-бетінде көрсетілген. Сіз төменде көрсетілген рәсімдерді сақтап, суретті түзете аласыз.

- 1 Экранда Экрандық мәзір (ЭМ) пайда болуы үшін MENU батырмасын басыңыз. Мұнда ◀/▶ батырмалары көмегімен ақтаруға болатын бірнеше қосымша беттер бар.



- 2 Сізді қызықтыратын теңшеу пиктограммасы бар мәзір бетін таңдаңыз. MENU батырмасын басыңыз. Кейін ◀/▶ теңшелімдерімен теңшеудің қажетті пиктограммасын бөлектеңіз.
- 3 MENU батырмасын қайтадан басыңыз. Тиісті теңшелімдер мен орнатуларды орындау үшін ◀/▶ батырмаларын қолданыңыз.
- 4 Мәзірден шығу үшін ◀ батырмасын басыңыз және сіз енгізген барлық теңшелімдер автоматты түрде жазылады.

Мысалы, экранның OSD тік жайғасымын ыңғайластыру үшін Орнату мәзірін таңдаңыз және MENU батырмасын басыңыз. ◀/▶ батырмалары көмегімен тік мәзір бойынша жайғасымды таңдаңыз. Теңшеу беті MENU батырмасын басқаннан кейін пайда болады. OSD тік жайғасым қондырғыларын өзгерту үшін ◀/▶ батырмаларын қолданыңыз. Теңшеу кезінде бүкіл экранның OSD тік жайғасымы өзгеруі тиіс.



Жұмыстың соңында ◀ батырмасын басу сіз енгізген барлық өзгерістерді жазып алады.


ЕСКЕРТПЕ

- Экрандық мәзір теңшелімдерімен жұмыс аяқталғаннан кейін ол біраз уақыттан кейін өзі жабылады (ұзақтығы ЭМ сөндіру таймері) функциясымен анықталады). ЭМ дереу шығу үшін ◀ батырмасын қолданыңыз.
- Экрандық мәзір жойылған кезде, кез келген өзгертулер автоматты түрде жадқа сақталады. Мәзірмен жұмыс істеген кезде қуаттың сөнуін болдырмау керек.
- Барлық теңшелімдер барлық синхрондау жиіліктеріне қатысты бір мәнге ғана ие.

ТЕҢШЕУЛЕР МӘЗІРІНІҢ МАЗМҰНЫ



Кескінді теңшеу Picture Adjust



Теңшеулер тармағы	Ақаулық/Опция	Қолданылатын батырмалар
Кереғарлық *2,4 Contrast	Тым күңгірт Тым ашық	
Жарықтық *1,2,4 Brightness	Тым солғын Тым қарқынды	
Overdrive *4 Overdrive	Сөнд. / -2 / -1 / 0 / +1 / +2 Бұл сұр СК-панельдің градация деңгейін арттырады. Ең жоғары деңгей ең жылдам жауап уақытын қосуға әкеледі.	
ACR *4 Adv. Contrast	Өшіру	Әдеттегі кереғарлық
	Қосу	Ұлғайтылған кереғарлық
ECO *3,4 ECO	Өшіру	Әдетте
	1-режим	Фон немесе көмескі жарық барынша азайтылған.
	2-режим	Фон немесе көмескі жарық 1-режимнен төмен деңгейде.
Көк Жарық Редукциясы *4 Blue Light Reducer	Өшіру	Әдетте
	1-режим	Көк жарық азаяды.
	2-режим	Көк жарық 1-режимге қарағанда әлсіз.
Қара түнер Black Tuner	-5 бастап +5 дейінгі шектерде реттеледі Қара түсті реңктерді теңшеу мүмкіндігі	
	Түс қанықтығы Color Saturation	Тым әлсіз Тым қатты
Гамма *4 Gamma	Гамма теңшелімдер мүмкіндігі. 1.8 / 2.2 / 2.6	

- *1 Егер экран тым ашық болып көрінсе, монитор қараңғы бөлмеде жұмыс істеген кезде ашықтығын реттеу.
- *2 Егер ACR қосылса, Кереғарлық және Жарықтық мүмкін емес.
- *3 Егер ACR қосулы болса, ECO сөндірулі.
- *4 Егер i-Style Color іске қосылса, Кереғарлықты, Жарықтықты, Overdrive, ACR, ECO, Көк Жарық Редукциясын және Гамманы реттеу мүмкін емес.

Direct


Сіз Мәзір парақтарын өткізіп, батырмалары бар келесі операцияларды қолданып, бірден параметрлер теңшелімдерінің экранын көрсете аласыз.

- ECO : Мәзір экранда көрсетілмесе, ◀ батырмасын басыңыз.
- Көк Жарық Редукциясы * Мәзір жарықтанбаса, ▲ батырмасын басыңыз және 1-2 секунд басып тұрыңыз.



Кірісті таңдау Input Select

Direct



Теңшеулер тармағы	Ақаулық/Опция		Қолданылатын батырмалар
Кіріс сигналы Input Source	Auto		Сигнал көзін автоматты іздеу және таңдау.
	Қолмен	HDMI	Цифрлық (HDMI) кірісін таңдау
		DisplayPort	Цифрлық (DisplayPort) кірісін таңдау

ЕСКЕРТПЕ Сигнал кірісі бекітілді, егер HDMI немесе DisplayPort таңдалса, автоматты түрде таңдалмайды.


Direct

Сіз Мәзір парақтарын өткізіп, батырмалары бар келесі операцияларды қолданып, бірден параметрлер теңшелімдерінің экранын көрсете аласыз.

- Кірісті таңдау: Мәзір экранда көрсетілмесе, ▼ батырмасын басыңыз.



Пайд. теңш. сақта Store User Setting



Теңшеулер тармағы

Ақаулық/Опция

Қолданылатын батырмалар

Теңшеу Пайдал.
User Modes

User Mode 1

Сурет теңшелімдерін сақтау.

User Mode 2

Сурет теңшелімдерін сақтау.

User Mode 3


Сурет теңшелімдерін сақтау.

ЕСКЕРТПЕ

Монитор пайдаланушылық теңшелімдерді сақтауға көмектеседі. Сақталуы мүмкін теңшелімдер арасында: Кереғарлық, Жарықтық, Overdrive, ACR, ECO, Дыбыс қаттылығы, Дыбыссыз, Түстерді теңшеу, i-Style Color, Ашықтық, Қара тюнер, Дисплей режимі



Түстерді теңшеу * Color Settings



Теңшеулер тармағы

Ақаулық/Опция

Қолданылатын батырмалар

Color Temperature
Color Temperature

9300K

Күшті түс

7500K

Қалыпты түс

6500K

Жылы түс

Пайдаланушы
User Preset

Қызыл

Тым әлсіз

Жасыл


Тым қатты



Көк



* Егер i-Style Color немесе Көк Жарық Редукциясы белсенді болса, Түстерді теңшеу сөндірілген.

Қолм. Теңшеу Сур.
Image Adjust



Теңшеулер тармағы	Қолданылатын батырмалар	
i-Style Color *1 i-Style Color Direct	Өшіру	Бұрын салып бітірілген түстердің күйін қайтару.
	Стандарт	Әдеттегі windows ортасы немесе әдепкі теңшелімдер үшін.
	Спорттық ойындар	Ортаның спорттық ойындары үшін.
	FPS ойындар	Ортаның FPS ойындары үшін.
	Стратегиялық ойындар	Ортаның стратегиялық ойындары үшін.
	Мәтін	Мәтінді өңдеу шарттарында мәтінді түзету және оқу үшін.
	1-режим	Пайдаланушылық теңшелімдерді қолдану.
	2-режим	Пайдаланушылық теңшелімдерді қолдану.
Ашықтығы Sharp and Soft	1 2 3 4 5 6  Сурет сапасын 1 бастап 6 дейінгі аралықта өзгертуге болады (ашықтан көмескіге дейін). Нөмірлердің өсуі тәртібінде суреттің ашықтығын өзгерту үшін  батырмасын басыңыз. Нөмірлердің азаюы тәртібінде суреттің ашықтығын өзгерту үшін  батырмасын басыңыз.	
	RGB HDMI ауқымы HDMI RGB Range	Толық
Шектелген		Бейнесигналды шектеулі түстік қамту
Дисплей режимі Video Mode Adjust	Толық экран	Үлгіні кеңейту
	Арақатынас Сторон*2	Үлгі пішімін кеңейту


*1 Егер Көк Жарық Редукциясы іске қосылса, i-Style Color сөндірілді.

*2 Нұсқа 16: 9 ажыратымдылығында қолжетімсіз.


Direct















Сіз Мәзір парақтарын өткізіп, батырмалары бар келесі операцияларды қолданып, бірден параметрлер теңшелімдерінің экранын көрсете аласыз.

- i-Style Color : Мәзір көрсетілмесе ▲ батырмасын басыңыз.



Теңшеулер тармағы	Ақаулық/Опция Қолданылатын батырмалар			
Til Language	English	Английский	Español	Испан
	Français	Француз	Nederlands	Голланд
	Deutsch	Неміс	Česky	Чех
	Italiano	Итальян	Русский	Русский
	Polski	Жылтырау	日本	Жапон




Теңшеулер тармағы	Ақаулық/Опция	Қолданылатын батырмалар
Көлд. жайғ. бойынша OSD Horizontal Position	ЭМ шамадан тыс солға қарай ЭМ шамадан тыс оңға қарай	   
Тік жайғ. бойынша OSD Vertical Position	ЭМ тым жоғары ЭМ тым төмен	   
Уақ. көрс. Мәзір OSD Time	5 сек бастап 30 сек дейін ЭМ көрсету уақытын орнатуға болады	   
Логотипті іске қосу Opening Logo	Өшіру	iiyama логотипі монитор қосұлы болса көрсетілмейді.
	Қосу	iiyama логотипі монитор қосұлы болса көрсетіледі.
AMD FreeSync Premium *1 AMD FreeSync Premium	Өшіру	Кеңіст. FreeSync сөндірулі.
	Қосу	FreeSync қосу.
MBR *2 MBR	Сөнд. / +1 / +2 Бұл СК-панельдегі қозғалатын сурет үшін жауап уақытын жақсартады. Ең жоғары деңгей ең жылдам жауап уақытын қосуға әкеледі.	   

*1 Егер MBR іске қосылса, AMD FreeSync мүмкін емес.

*2 Егер AMD FreeSync қосұлы болса, MBR мүмкін емес. Тек қана 75Hz үшін.



Дисплей ақпараты Display Information




Өзекті таңдалған кіріс туралы ақпаратты компьютеріңіздің графикалық бейімдегіші туралы ақпарат табасыз.

ЕСКЕРТПЕ

Ажыратымдылықты және жаңартуды өзгерту туралы графикалық бейімдегіштің нұсқаулығында оқып шығыңыз.



Ысыру Recall



Теңшеулер тармағы

Ақаулық/Опция

Қолданылатын батырмалар

Ысыру
Recall

Зауыттық теңшеулерді қалпына келтіру

- **Бұғаттау**

<Экран мәзірі (OSD)>

1. Экрандық мәзірді шығару үшін, MENU батырмасын басыңыз және шамамен 10 секунд басып тұрыңыз. Егер экрандық мәзірді кез келген пернелерді басып шығаруға тырыссаңыз, экранда «OSD Locked» («Экрандық мәзір бұғатталды») хабары пайда болады.
2. Экрандық мәзірді бұғаттауды сөндіру үшін, MENU батырмасын басыңыз және шамамен 10 секунд басып тұрыңыз.

<Қуат көзін ажыратқыш>

1. Қуатты сөндіру батырмасын бұғаттау үшін, ◀ батырмасын басыңыз және шамамен 10 секунд басып тұрыңыз. Бұғаттау әрекет еткен кезде монитор қуат батырмасын басқан кезде сөндіріле алмайды. Сөндіру батырмасын басқан кезде экранда "Power Button Locked" («Сөндіру батырмасы бұғатталған») хабары шығады.
2. Экрандық мәзірді бұғаттауды сөндіру үшін, ◀ батырмасын басыңыз және шамамен 10 секунд басып тұрыңыз.


КҮТУ ФУНКЦИЯСЫ

Осы бұйымның күту функциясы ENERGY STAR® және VESA DPMS энергиясын үнемдеудің барлық талаптарына сәйкес келеді. Компьютеріңіз қолданылмаса, монитор автоматты түрде оның жұмыс істеуіне қажетті энергия шығынын азайтады.

Осы мүмкіндікті қолдану үшін, монитор VESA DPMS-мен үйлесімді компьютерге қосылуы тиіс. Күту функциясының режимі төменде сипатталған. Таймерді орнатуды қосқанда, қажетті теңшелімдер компьютерде жүргізілуі тиіс. Осы теңшелімдерді конфигурациялау бойынша ақпаратты операциялық жүйеңізге нұсқаулықтан алуға болады.

■ Күту режимі

Компьютерден келетін жайма бейне сигналы жойылса, монитор электр энергиясын тұтыну 0,5Вт* кем деңгейге дейін азайтылатын күту режиміне кіреді. Экран қараңғыланады, қуат беру индикаторы қызғылт сары түспен жана бастайды. Күту режимінен қайтару пернетақтада кез келген пернені басқаннан немесе тінтуірді қозғалтудан кейін туындайды.



* USB шеткері құрылғылары / Аудио құрылғылар қосылмаған.

ЕСКЕРТПЕ

Тіпті күту режимінде болып, монитор энергияны тұтынады. Энергияны пайдасыз шығындауды болдырмау үшін, монитор ұзақ уақыт бойы, мысалы, түнде және демалыс күндері қолданылмаған кезде қуат батырмасын басып, мониторды сөндіріңіз.

ЖАРАМСЫЗДЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Егер монитор дұрыс емес жұмыс істесе, тапсырманың ықтимал шешімі үшін келесі операциялар бірзділігін сақтауды сұраймыз.

1. Мәселеңізге байланысты, МОНИТОРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ бөлімінде сипатталған реттеуді орындаңыз. Егер сурет шықпаса, 2-т. қараңыз.
2. Егер МОНИТОРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ бөлімінде қолайлы теңшеу тармағын таба алмасаңыз немесе ақаулық жойылмаса, төменде келтірілген кестеге жүгініңіз.
3. Егер сіз төменде сипатталған ақаулыққа тап болсаңыз немесе оның себебін жоя алмасаңыз, мониторды сөндіріңіз және дилеріңізге немесе іуаата сервис орталығына көмекке жүгініңіз.

Мәселе

Тексеріңіз

- ① Сурет шықпайды
(Қуат көзінің индикаторы жанбайды.)

- Күштік кәбіл тиісті ұяшыққа тығыз енгізілген.
- Қуат көзі қосұлы.
- Розеткаға кернеу жеткізіледі. Қандай да бір басқа аспаппен тексеріңіз (мысалы, үстелдік шаммен).

- (Қуат индикаторы көгілдір.)

- Егер экранды сақтаушы бағдарлама белсенді болса, кез келген пернені басыңыз немесе тінтуірді қозғаңыз.
- Кереғарлықты және/немесе жарықтықты ұлғайтыңыз.
- Компьютер қосұлы.
- Сигналдық кәбіл дұрыс қосылған.
- Компьютер сигналын синхронизациялау монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

- (Қуат көзінің индикаторы қызғылт.)

- Егер монитор күту режимінде болса, пернетақтадағы пернені басыңыз немесе тінтуірді қозғаңыз.
- Компьютер қосұлы.
- Сигналдық кәбіл дұрыс қосылған.
- Компьютер сигналын синхронизациялау монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

- ② Сурет синхрондалмады.

- Сигналдық кәбіл дұрыс қосылған.
- Компьютер сигналын синхронизациялау монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

- ③ Сурет экран ортасында емес.

- Компьютер сигналын синхронизациялау монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

- ④ Кескін тым ашық немесе тым қараңғы.

- Компьютердің шығыс бейнесигналының деңгейі монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

Мәселе

Тексеріңіз

- ⑤ Кескін дірілдейді.
 - Қуат кернеуі монитордың тех. сипаттамаларына сай келеді.
 - Компьютерді синхронизациялау монитордың техникалық сипаттамаларына сай келеді.

- ⑥ Дыбыс жоқ.
 - Аудиожабдық қосулы (компьютер және т.б.).
 - Дыбыс деңгейінің реттегіші қосулы.
 - Mute (дыбысты сөндіру) режимі сөндірілі.
 - Аудиожабдық беретін аудиосигналдың шығыс деңгейі монитор айрықшаламасы шегінде орналасқан.

- ⑦ Дыбыс деңгейі тым қатты немесе тым тыныш.
 - Аудиожабдық беретін аудиосигналдың шығыс деңгейі монитор айрықшаламасы шегінде орналасқан.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоршаған ортаны үздік қорғау үшін мониториңызды лақтырмаңыз.

Мониторды кәдеге жарату туралы нұсқауларды алу үшін www.iiyama.com вебсайтымызға кіріңіз.

ҚОСЫМША

Дизайн мен сипаттамаларды өзгертуге жол беріледі.

АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2740QSU

Өлшем санаты	27"	
СК-панель	Панель технология	IPS Панель технология
	Өлшемі	Диагоналі: 27" (68,5 см)
	Пиксельдің өлшемі	0,233 мм (Е) × 0,233 мм (Б)
	Жарықтық	250cd/m ² (типтік)
	Түстер кереғарлығы	1000 : 1 (типтік), Adv функциясы. Contrast қолжетімді
	Шолу бұрышы	Оң жаққа/Сол жаққа: 89°, Жоғары/Төмен: 89° (әр жаққа типтік)
	MPRT	1ms
Көрсетілетін түстер саны	Шамамен 16.7 м	
Синхрондау жиіліктері	Horizontal: 31,0-120,0kHz, Vertical: 48-75Hz	
Нативті ажыратымдылық	2560 × 1440, 3,7 Мегапикселей	
Максималды ажыратымдылық	2560 × 1440 75Hz	
Кіріс ағытпасы	HDMI, DisplayPort	
Plug & Play	VESA DDC2B™	
Бейнесигналдар	HDMI, DisplayPort	
USB стандарты	USB2,0 (DC5V, 500mA)	
USB порттар саны Порт пішіні	1 Upstream : B сериясы 2 Downstream : A сериясы	
Құлаққаптарға арналған ағытпа	∅ 3,5 мм mini jack (стерео)	
Динамиктер	2 Вт × 2 (стереодинамиктер)	
Экранның максималды өлшемдері	596,7 мм W × 335,7 мм H / 23,5" W × 13,2" H	
Электр қуат беру	100-240 В, 50/60 Гц, 1,5А	
Энергияны тұтыну*	23 Вт станд., Күту режимі: 0,5 Вт макс	
Габариттері, салмағы	611,5 × 434,0 × 239,0 мм / 24,1 × 17,1 × 9,4" (W×H×D) 4,6кг / 10,1lbs	
Еңіс бұрышы	Жоғары: 22°, Төмен 4°	
Қоршаған ортаның шарттары	Жұмыс кезінде: Темп.: 5 бастан 35°C дейін / 41 бастан 95°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 90%-ға дейін (конденсатсыз) Сақтау кезінде: Темп.: -20 бастан 60°C дейін / -4 бастан 140°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 70%-ға дейін (конденсатсыз)	
Сертификаттау	CE, TÜV-Bauart, EAC, VCCI, PSE, ENERGY STAR®	

ЕСКЕРТПЕ

* USB шеткері құрылғылар / Аудио құрылғылар қосылмаған.

АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2740HSU

Өлшем санаты	27"	
СК-панель	Панель технология	IPS Панель технология
	Өлшемі	ДиAGONAL: 27" (68,6 см)
	Пиксельдің өлшемі	0,311 мм (E) × 0,311 мм (B)
	Жарықтық	250cd/m2 (типтік)
	Түстер кереғарлығы	1000 : 1 (типтік), Adv функциясы. Contrast қолжетімді
	Шолу бұрышы	Оң жаққа/Сол жаққа: 89°, Жоғары/Төмен: 89° (әр жаққа типтік)
	MPRT	1 ms
Көрсетілетін түстер саны	Шамамен 16.7 м	
Синхрондау жиіліктері	Horizontal: 31,0-85,0kHz, Vertical: 48-75Hz	
Нативті ажыратымдылық	1920 × 1080, 2,1 Мегапиксель	
Максималды ажыратымдылық	1920 × 1080 75Hz	
Кіріс ағытпасы	HDMI, DisplayPort	
Plug & Play	VESA DDC2B™	
Бейнесигналдар	HDMI, DisplayPort	
USB стандарты	USB2,0 (DC5V, 500mA)	
USB порттар саны Порт пішіні	1 Upstream : B сериясы 2 Downstream : A сериясы	
Құлаққаптарға арналған ағытпа	∅ 3,5 мм mini jack (стерео)	
Динамиктер	2 Вт × 2 (стереодинамиктер)	
Экранның максималды өлшемдері	597,9 мм W × 336,3 мм H / 23,5" W × 13,2" H	
Электр қуат беру	100-240 В, 50/60 Гц , 1,5А	
Энергияны тұтыну*	19 Вт станд., Күту режимі: 0,5 Вт макс	
Габариттері, салмағы	610,0 × 433,0 × 239,0 мм / 24,0 × 17,0 × 9,4" (W×H×D) 4,5кг / 9,9lbs	
Еңіс бұрышы	Жоғары: 22°, Төмен 4°	
Қоршаған ортаның шарттары	Жұмыс кезінде: Темп.: 5 бастан 35°C дейін /41 бастан 95°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 90%-ға дейін (конденсатсыз) Сақтау кезінде: Темп.: -20 бастан 60°C дейін /-4 бастан 140°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 70%-ға дейін (конденсатсыз)	
Сертификаттау	CE, TÜV-Bauart, EAC, VCCI, PSE, ENERGY STAR®	

ЕСКЕРТПЕ

* USB шеткері құрылғылар / Аудио құрылғылар қосылмаған.


АЙРЫҚШАЛАМАЛАР: G-MASTER G2440HSU

Өлшем санаты	24"	
СК-панель	Панель технология	IPS Панель технология
	Өлшемі	ДиAGONAL: 23,8" (60,5 см)
	Пиксельдің өлшемі	0,275 мм (E) × 0,275 мм (B)
	Жарықтық	250cd/m2 (типтік)
	Түстер кереғарлығы	1000 : 1 (типтік), Adv функциясы. Contrast қолжетімді
	Шолу бұрышы	Оң жаққа/Сол жаққа: 89°, Жоғары/Төмен: 89° (әр жаққа типтік)
	MPRT	1 ms
Көрсетілетін түстер саны	Шамамен 16.7 м	
Синхрондау жиіліктері	Horizontal: 31,0-85,0kHz, Vertical: 48-75Hz	
Нативті ажыратымдылық	1920 × 1080, 2,1 Мегапиксель	
Максималды ажыратымдылық	1920 × 1080 75Hz	
Кіріс ағытпасы	HDMI, DisplayPort	
Plug & Play	VESA DDC2B™	
Бейнесигналдар	HDMI, DisplayPort	
USB стандарты	USB2,0 (DC5V, 500mA)	
USB порттар саны Порт пішіні	1 Upstream : B сериясы 2 Downstream : A сериясы	
Құлаққаптарға арналған ағытпа	Ø 3,5 мм mini jack (стерео)	
Динамиктер	2 Вт × 2 (стереодинамиктер)	
Экранның максималды өлшемдері	527,0 мм W × 296,5 мм H / 20,7" W × 11,7" H	
Электр қуат беру	100-240 В, 50/60 Гц , 1,5А	
Энергияны тұтыну*	17 Вт станд., Күту режимі: 0,5 Вт макс	
Габариттері, салмағы	539,0 × 393,0 × 202,0 мм / 21,2 × 15,5 × 7,9" (W×H×D) 3,7кг / 8,2lbs	
Еңіс бұрышы	Жоғары: 22°, Төмен 4°	
Қоршаған ортаның шарттары	Жұмыс кезінде: Темп.: 5 баcтап 35°C дейін /41 баcтап 95°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 90%-ға дейін (конденсатсыз) Сақтау кезінде: Темп.: -20 баcтап 60°C дейін /-4 баcтап 140°F дейін Ылғалдылық: 10%-дан 70%-ға дейін (конденсатсыз)	
Сертификаттау	CE, TÜV-Bauart, EAC, VCCI, PSE, ENERGY STAR®	


ЕСКЕРТПЕ

* USB шеткері құрылғылар / Аудио құрылғылар қосылмаған


ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2740QSU



ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2740HSU



ӨЛШЕМДЕРІ: G-MASTER G2440HSU



ҚОЛД. СИНХРОНДАУ РЕЖИМДЕРІ

Бейне режим	Көлденең жиілік	Тіке жиілік	Синхрондау жиілігі
640 × 480	31,469kHz	59,940Hz	25,175MHz
800 × 600	37,879kHz	60,317Hz	40,000MHz
	46,875kHz	75,000Hz	49,500MHz
1024 × 768	48,363kHz	60,004Hz	65,000MHz
	60,023kHz	75,029Hz	78,750MHz
1280 × 1024	79,980kHz	75,020Hz	135,000MHz
1600 × 1200	75,000kHz	60,000Hz	162,000MHz
1680 × 1050	65,290kHz	60,000Hz	146,250MHz
1920 × 1080	66,590kHz	59,930Hz	138.500MHz
	83,890kHz	74,970Hz	174,500MHz
2560 × 1440	88,787kHz	59,951Hz	241,500MHz
	111,788kHz	74,925Hz	298,470MHz

ЕСКЕРТПЕЛЕР

* Тек қана G-MASTER G2740QSU үшін.

G-MASTER G2740QSU
G-MASTER G2740HSU
G-MASTER G2440HSU
ProLite XUB2796QSU
ProLite XUB2796HSU
ProLite XUB2496HSU

iiyama
EAC HDMI®

Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы

Қысқаша нұсқамалық (ҚАЗАҚША)

IIYAMA СК-мониторын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Осы мониторды орнатудың және қосудың алдында қауіпсіздік жөніндегі нұсқалуықты мұқият оқып шығуыңызға кеңес береміз. Егер болашақта бір нәрсені нақтылау керек болған жағдайға, осы нұсқаулықты сенімді жерге сақтап қойыңыз. Толығырақ нұсқаулықты www.iiyama.com вебсайтынан жүктей аласыз

* Егер сізде IIYAMA сайтымен кез келген ақаулар туындаса, ең жақын жердегі IIYAMA сервис орталығына жүгініңіз.

** Бұл монитор кеңсе жабдығы болып табылады.

МОНИТОРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Пайдалану туралы толығырақ ақпаратты <http://www.iiyama.com> мекенжайы бойынша IIYAMA веб-сайтында Пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз

ЖЕТКІЗУ ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ ІШІНДЕГІСІН ТЕКСЕРУ

Мониторды жеткізу жиынтығына келесі керек-жарақтар кіреді. Олардың болуын тексеріңіз. Егер осы керек-жарақтардың біреуі болмаса немесе зақымдалса, онда сатушыға немесе iiyama өңірлік өкілдігіне жүгініңіз.

- Қуат көзін беру баусымы*¹
- DisplayPort кәбілі*²
- HDMI кәбілі
- USB кәбілі
- Тіреуіштің мойны
- Бұрамасы бар тіреуіштің негізі
- Кәбілдерді ұстағыш*³
- Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық
- Қысқаша нұсқаулық (осы құжат)

ЕСКЕРТУ

*¹ 120В желілік кернеуі бар елдерде қоса берілетін қуат көзін басымы үшін 10А/125В атаулы параметрлер болып табылады. Егер электр желіңіздің кернеуі көрсетілген номиналдан артық болса, онда 10А/250В есептелген қуат көзін беру баусымы қолдану керек.

Дегенмен, ақаулар немесе iiyama компаниясы жеткізбеген қуат көзін беру баусымы қолдану себебінен зақымдану туындаса, барлық кепілдіктердің күші жойылады.

H05VVF, 3G, 0,75mm² сай келетін қуат көзін кәбілі қолдану қажет.

*² G-MASTER G2740QSU / ProLite XUB2796QSU арналған керек-жарақ.

*³ G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU.

ТҮПҚОЙМАНЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АЛЫП ТАСТАУ


ЕСКЕРТУ

- Мониторды тегіс жабынға орнатыңыз. Монитордың құлауы оның зақымдалуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Өрескел денелік күш қолданбаңыз. Бұл монитордың зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Түпқойманы алудың немесе орнатудың алдында электр тоғымен зақымдануды және монитордың зақымдануын болдырмау үшін мониторды сөндіріңіз.


• G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU

Қондырғы

- ① Түпқойманы және бекітпенің негізін біріктіріңіз.
- ② Тіреуіштің негіздемесін мониторға бекіту үшін жеткізу жиынтығындағы бұраманы қолданыңыз.




Тіреуді бекітуге арналған саусақты бұрама



- ③ Кәбілдер ұстағышын өз орнына қойыңыз.*
- ④ Мониторды тырнап алмау үшін үстелге жұмсақ мата төсеңіз. Мониторды үстелге беткі жағын төмен қаратып қойыңыз.




- ⑤ Жиынтықтағы бұраманы бекітіңіз.




• ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU

Қондырғы


- ① Түпқойманы және бекітпенің негізін біріктіріңіз.



Тіреуді бекітуге арналған саусақты бұрама




- ② Тіреуіштің негіздемесін мониторға бекіту үшін жеткізу жиынтығындағы бұраманы қолданыңыз.
- ③ Мониторды тырнап алмау үшін үстелге жұмсақ мата төсеңіз. Мониторды үстелге беткі жағын төмен қаратып қойыңыз.
- ④ Мониторды ұстап тұрып, тіреуіштің мойнын басыңыз.




Шығару

- ① Мониторды тырнап алмау үшін үстелге жұмсақ мата төсеңіз. Мониторды үстелге беткі жағын төмен қаратып қойыңыз.
- ② Тіреуіштің мойнынан негіздеме-тіреуішті алып тастау үшін саусақты бұраманы босатыңыз.
- ③ Монитордың артқы панеліндегі ілмекті басыңыз және монитордан тіреуіштің мойнын алып тастаңыз.

< G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU >



< ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU >




ОРНАТУ


ЕСКЕРТУ

- Орнатудың алдында дисплей тіреуіші немесе тіреуіштің астындағы үстелдік түпқойма дисплейдің және бекітпенің қажетті салмағын көтеру үшін барынша берік екендігіне көз жеткізіңіз.
- Бұрышты реттеу ауқымы: XUB: 18° дейін артқа және 3° алға, G: 22° дейін артқа және 4° алға.

XUB: ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU




G: G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU




Экранның бағдары

- ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU




Монитор портреттік және альбомдық режимде қолдануға арналған.

- G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU



Монитор портреттік және альбомдық режимде қолдануға арналған.

ДИСПЛЕЙ НЕМЕСЕ ҮСТЕЛДІК ТҮПҚОЙМА



A : Монтаждық ұстағыш

B : Бұрама


C : Корпус

НАЗАР АУДАРЫҒЫЗ


Дисплейге арналған түпқоймамен немесе үстелдік түпқойманы қолданған кезде, монтаждау алаңының қалыңдығын ескеріп, мониторды бекіту үшін «L» ұзындығы 7 мм құрайтын M4 бұрамаларын (4 дана) тығырықпен тартыңыз. Ұзындығы үлкен бұраманы қолдану электр тогымен зақымдануға немесе бұзылуға әкелуі мүмкін, өйткені ол монитордың ішіндегі электр бөліктерге жанаса алады.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒАҒЫШТАР

• G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU



• ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU



① Қуат көзінің индикаторы

Ақпарат



Көгілдір: жұмыстың қалыпты режимі

Қызғылт сары: энергияны үнемдеу режимі

- ② Қуат көзін ажыратқыш (⏻)
- ③ Навигация батырмасы [MENU]
 - Scroll Up/i-Style Color, i-Style Color, Жоғары [▲]
 - Scroll Down/Input Select, Төмен/Кіріс сигнал [▼]
 - Left/ECO, Сол жақ/ECO [◀]
 - Right/Volume, Оң жақ/Дыбыс деңгейі [▶]
- ④ Құлапқақтарға арналған ағытпа (🔊)
- ⑤ Қауіпсіздік құлпының ұяшығы

Ақпарат

Қауіпсіздік құлпының ұяшығына ешкім сіздің рұқсатсыз мониторды алып кетпеуі үшін кішкентай қорғаныс арқанды салуға болады.

- ⑥ USB-UP жалғағышы ()
- ⑦ USB-DOWN жалғағышы ( 5V, 500mA)
- ⑧ **G-MASTER G2740QSU / ProLite XUB2796QSU:** DisplayPort жалғағышы (DP)
G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU: HDMI жалғағышы (HDMI)
- ⑨ **G-MASTER G2740QSU / ProLite XUB2796QSU:** HDMI жалғағышы (HDMI)
G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU : DisplayPort жалғағышы (DP)
- ⑩ **G-MASTER G2740QSU / G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU :** Кәбілдер ұстағышына арналған саңылау
ProLite XUB2796QSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU : Кәбілдерді ұстағыш
- ⑪ Айн. ток қуаттау көзінің жалғағышы: (Айнымалы ток \sim)
- ⑫ Динамиктер

МОНИТОРДЫ ҚОСУ

- ① Компьютер де, монитор да сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.
- ② Компьютерді мониторға сигналдық кәбілмен қосыңыз.
- ③ USB кәбілі арқылы мониторды компьютерге жалғаңыз.
- ④ Қуат көзін беру баусымы алдымен мониторға, кейін қуат көзіне жалғаңыз.
- ⑤ Монитор мен компьютерді қосыңыз.


Ақпарат

- Өтінеміз, ғимараттағы таратқыш жүйе 120/240 В, 20 А (ең көбі) автоматты ажыратқышының болуын қамтамасыз ететінін растаңыз.
- Компьютерді мониторға қосу үшін қолданылатын сигналдық кәбілдер типтері компьютерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дұрыс емес қосу монитордың да, компьютердің де күрделі зақымдануын тудыра алады. Мониторға қоса берілетін кәбілдің стандартты жалғағышы бар. Егер ерекше типті кәбіл керек болса, онда сатушыға немесе ііуата өңірлік өкіліне жүгініңіз.
- Сигналдық кәбілдің әрбір ұшында қолмен тартуға арналған бұрамаларды міндетті түрде тартыңыз.
- А класындағы, А типті қосылатын жабдығы қорғаныс жерге тұйықтауға қосылуы тиіс.
- Розетка жабдықтың жанында орнатылуы және оңай қолжетімді болуы тиіс.
- Құлақпаптардан шамадан артық дыбыс қысымы зақымдануға немесе есту қабілетінен айырылуға әкелуі мүмкін.

Қосылу мысалы


• G-MASTER G2740QSU

Артқы көрінісі




• G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2440HSU

Артқы көрінісі




• ProLite XUB2796QSU

Артқы көрінісі



• ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU

Артқы көрінісі



Кәбілдер

A: Қуат көзін беру баусымы

B: HDMI кәбілі

C: USB кәбілі

D: **G-MASTER G2740QSU / ProLite XUB2796QSU :**

DisplayPort кәбілі

G-MASTER G2740HSU / G-MASTER G2740HSU / ProLite XUB2796HSU / ProLite XUB2496HSU :

DisplayPort кәбілі (жиынтыққа кірмейді)

E: Тінтуір

F: Пернетақта

AV: AV және т.б. құрылғы

GAME: Ойын жабдығы және т.б.

PC: Компьютер

АҚАУЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Егер монитор дұрыс емес жұмыс істесе, ақаулықты жою үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Толығырақ ақпаратты ііүата вебсайтында табасыз.

Нені тексеру керек

- Қуат көзін беру баусымы ұяшыққа тығыз енгізілген.
- Қуат көзінің ажыратқышы ҚОСУЛЫ.
- Айн. ток электр қуатының розеткасында кернеу бар. Кернеудің болуын басқа электр жабдығын қосумен тексеруге болады.
- Егер «Бос экран» басты бет режимі қосылса, онда кез келген пернені басыңыз немесе тінтуірді қозғаңыз.
- Кереғарлықты және/немесе жарықтықты ұлғайтыңыз.
- Компьютер ҚОСУЛЫ.
- Сигналдық кәбіл дұрыс қосылған.
- Егер монитор энергияны үнемдеу режимінде болса, онда кез келген пернені басыңыз немесе тінтуірді қозғаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С-тан бастап 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 85%-дан аспайтын жерде сақталуы тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторланған қызмет көрсету орталығына жүгінген немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қалдықпен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын сәйкес орындарға өткізілуі тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ИИЯМА КОРПОРАЙШН.

Вийкермеерстраат 8, 2131 НА Хофддорп, Нидерланды.

Өндірістің/жасаушы-зауыттың филиалы: Цисда (Сучжоу) Ко., Лтд.

Чжүцзян 169 тас жолы, жаңа ауданы, Сучжоу қ., Цзянсу пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Шығарылған күні сериялық нөмірде шифрланған, мұнда 6-шы сан шығарылған жылды білдіреді, 7, 8 – апта нөмірі.

Мысалы, сериялық нөмір: 12345YWWxxxxx,

«Y» бұл шығарылған жыл, мысалы, 1 = 2021-ші жыл,

«WW» бұл апта нөмірі, мысалы, 31-ші апта = тамыз.

Кепілдіктер мен пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

